Об истории города можно судить по его архитектурным и историческим памятникам, и одним из таких памятников является дом-музей Е.Пугачева, который мы посетили. Этот дом связан с именами великих русских писателей, исследователей, которые находили здесь исторические материалы для своих работ. Здесь

ЗКГУгвартс – университет знаний, чародейства и волшебства

В начале июня выпускникам обычных - и не очень - школ приходится сдавать самый главный экзамен в своей жизни – ЕНТ. Затем большинство из них идет в главную обитель знаний - вуз. Превозмогая усталость, абитуриенты сдают экзамен, находясь под орлиным взглядом строгих преподавателей.

И все для того, чтобы поступить в ЗКГУгвартс. Этот путь прошли и мы – группа 03107 «Русский язык и литература» филологического факультета. Все для того, чтобы стать мастерами своего дела. Мы - юные, несмышленные, но позитивно настроенные волшебники, с благоговением ждали начала семестра. Наш куратор – доцент фольклорной магии Наталья Алексеевна Выдрина взяла нас под свое крыло и указала нам правильную дорогу в мир магии (то бишь – филологии). Нас ожидали опасные приключения: огнеопасные семинары, пышущие жаром срсп, на конкурсах и фестивалях - коварные соперники с других факультетов и самое главное – та, чье имя нельзя называть, но мы осмелились – Великая-и-Ужасная Сессия. Только настоящие смельчаки из филфака смогли выйти на бой и сдать все экзамены. Мы изучаем древний мертвый язык (латынь), язык свободных воинов (казахский), благородных лордов (английский), суровых мужей (славянский). Мы изучаем магическую природу звуков (фонетика), историю магической державы (История Казахстана), историю великих мастеров слова и их трудов (история литературы).

Много знаний открылось нам после поступления в ЗКГУгвартс. Проходят магические олимпиады, где лучшие из



лучших получают грамоты, которых достойны самые трудолюбивые и умные студенты. Здесь лентяям не место – только свободные духом, развивающиеся, находчивые волшебники смогут постичь тайны литературы и языка на факультете филологии – древнейшем из факультетов. На нашем факультете учились и работали великие маги филологии Е.И.Коротин, А.Н.Евстратов, Н.М.Щербанов, З.И.Туаева. Сейчас нам дают эксклюзивные знания преподаватели, лучшие в своем деле: Р.Э.Винник, Г.А.Донскова, Н.А.Выдрина, Г.Г.Гурьева, Н.С.Жигалин и многие другие. И руководит всей этой рабочей магической силой Г.С.Умарова.

ЗКГУгвартс полон загадок, неожиданных знакомств, тайных, запретных знаний. Филологический факультет – это волшебный стержень, один из главнейших органов ЗКГУгвартса, это его духовно-эстетическое начало. Если кому-то подвластна магия Слова, вы непременно попадете в наш ЗКГУгвартс!

P.S. Воспринимайте это как шутку или сказку. А во всякой сказке, как и в шутке, есть весомая доля правды.)

А.Криуля, Я.Гумарова,
гр.03107, Филология: русский язык

Практика в Уральске

Мы, студенты 1-3 курсов историко-филологического факультета АГУ им. Х.Досмухамедова (г.Атырау), проходили фольклорно-диалектологическую практику в городе Уральске Западно-Казахстанской области с 13 по 18 мая.


экспонируются подлинные вещи казачьего быта и вооружения. Каждый из экспонатов говорит о самобытной и своеобразной истории уральских (яицких) казаков, об истории края.

Особую благодарность выражаем старшему преподавателю кафедры русской филологии Розалинде Эйзеровне Винник за помощь в работе с фольклорным и диалектологическим архивным материалом кафедры русской филологии. Она познакомила нас с биографией Н.М.Малечи, который отдал 25 лет подвижнического труда созданию словаря говоров уральских (яицких) казаков. Мы работали с рукописными и машинописными оригиналами трудов Н.М.Малечи, с материалами диалектологических экспедиций 1947-1957 годов.

Р.Э.Винник познакомила нас с народным музеем «Старый Уральск».

Все экспонаты музея собраны благодаря жителям Уральска. В музее находятся старинная мебель, посуда, часы, предметы быта, иконы, богатейшее собрание фотографий и открыток с видами старого Уральска, замечательная коллекция дореволюционной краеведческой литературы, старопечатных книг. В настоящее время музей является своеобразным очагом культуры, где собираются люди, любящие и знающие Уральск, его интересную богатую историю.

Мы посетили дом-музей А.С.Пушкина, музей уральского художника С.Гумарова, храм Христа Спасителя, познакомились с другими архитектурными памятниками Уральска – все это обогатило наши знания об истории этого славного края. Мы собрали большой материал по фольклору и диалектам.



Выражаем огромную благодарность всем организаторам – руководству Атырауского государственного университета им. Х.Досмухамедова и Западно-Казахстанского государственного университета им. М.Утемисова – за интересную фольклорно-диалектологическую практику, которая дала не только знания, но и обогатила наш духовный мир, что несомненно важно сегодня, когда все больше «виртуального» захватывает все стороны нашей жизни. Уверены, что впечатлений после увлекательного путешествия в мир старины в городе Уральске хватит еще надолго, и надеемся, что эта встреча не последняя.

От имени группы студентов специальностей «Русский язык и литература», «Русский язык и литература в школах с нерусским языком обучения» АГУ им.Х.Досмухамедова Айдана Гимранова.

Мейрам Исатайұлы, өңірімізде жастар саясатының дамуына үлес қосып жүрген Сіздің еселі еңбегіңіз еленіп, медаль иегері атандыңыз. Сол марапатыңызбен шын жүректен құттықтаймыз!

Әсеріңізбен бөлісе отырсаңыз.

- Рахмет! Шыны керек, 4 маусым күні Қазақстан Республикасының рәміздеріне арналған концерттік кеште белгілі бір деңгейде марапатталамын деп ойлаған жоқпын. Мен үшін бұл үлкен тосын сый болды. Мен өте қуаныштымын. Барлығына шексіз алғысымды білдіремін.

- Сіз тәрбие бөлімінің жетекшісі ретінде студент-термен тығыз жұмыс жасап келесіз. Сіздің кезіңіздегі студент-жастар мен қазіргі студент-жастар арасында айырмашылықтар бар ма екен?

- Айтарлықтай үлкен айырмашылық бар деп айта алмаймын. Айырмашылық болса олардың кейбір жеке қырларында, өмірге деген жеке көзқарастарында, оқуға, ғылымға, тәрбие процесіне деген қызығушылықтарында болуы мүмкін. Бұрын мынадай болды, қазір мынадай деп айтуды дұрыс деп санамаймын. Әр кездің, әр заманның өзіне тән жастары болады емес пе?! Сондықтан да дана халқымыз «Заманына қарай адамы» деп бекерге айтпаса керек.

- Біз білетін Мейрам ағай спортпен шұғылдануға қалай қарайды?

- Спортпен үнемі шұғылданамын деп айта алмаймын. Спорт оптимистік мәдениетті, сергектік мәдениетін қалыптастырады. Жаттығу адамның жастық шағын ұзартатыны мен айтпасам да белгілі. Уақыт болса, спортқа да көңіл бөліп, дене еңбегімен де шұғылданғанымыз жөн деп есептеймін.

- Жоспарларыңызбен бөлісе отырсаңыз...

- Жоспар көп. Алдымдағы ең үлкен жоспарым маған сенім артқан ұстаздарымның, тәлімгерлерімнің, отбасымның, достарымның, маған жақсылық ойлайтын адамдардың үмітін ақтау деп білемін. Сенімді ештеңеге сатып алу мүмкін емес, сондықтан да маған сенген адамдардың үмітін ақтау - менің жоспарымның бірінші бөлімінде тұратын іс-шаралардың бірі. Адами бағыт болсын, кәсіби бағыт болсын, еңбек бағыты болсын, кісілік қасиеттерім болсын, айналадағы адамдардың үмітін ақтасам, бұл менің ең маңызды жоспарымның жүзеге асқаны деп білемін.

- Өмірлік ұстанымыңыз?

- Менің негізгі өмірлік ұстанымым - «Таспен атқанды аспен ат», «Қызғанба, одан да жақсы іс істеуге тырыс», «Биікте тұрып, мұрныңды шүйірме, төменде тұрып, тізе бүгіп иілме».

«Көңіл аудар даналардың сөзіне, адал жанды өнеге тұт өзіңе»

- Сіз нақыл сөздерді пайдалана отырып, әдемі де әсерлі сөзіңізбен көпшіліктің назарын өзіңізге бірден аударасыз, Әсіресе, халық даналарының сөздерін, мақал-мәтелдерді қолдануыңыз сөзіңізге жан бітіргендей болады. Әрине, мұның бәрі іздену, әдеби кітап оқу арқылы берілетіні белгілі. Сіз де кітап оқуға уақыт бола ма?

- (күлді) «Ең бірінші ыстық қайрат, нұрлы ақыл, жылы жүрек» деп Абай атамыз айтқандай, адам осы үш қасиетті бойына жинаса, тырысса, ұлылардың ұлысы айтқандай «толық адам» бола алады деп ойлаймын. Сонда ғана алынбайтын қамал болмайды.

Уақыт жоқ деп асығыстық танытатынымыз рас. Сондықтан да қай нәрсеге де уақыт тауып, кітап оқыған адам рухани дүниесін байытатыны айтпаса да белгілі. Ол туралы кемеңгер Елбасымыз да «Тегінде кітап оқитын адамдар, компьютерде, интернетте отыратын адамдарды басқарады» - деп бекер айтқан жоқ, «кітап – өлмейтін, өшпейтін рухани мұраның көзі». Сол мұраны ұрпақтан-ұрпаққа жеткізіп, сапалы кітаптар шығаруға біздің де заманымыздың жастары атсалысса нұр үстіне нұр болар еді.



- Сізге студенттер қызыға қарайды, шешен сөйлеуіңіздің сыры неде?

- Шынымды айтсам, сөйлейтін сөзіме бос сөз, жел сөз қоспауға тырысамын. Абай атамыздың сөзі бар ғой! «Жүректен шықпаса жүрекке жетпейді». Қандай да бір мәселені шешу жолдарын айтқан кезде, шындықты айтып, дұрыс жол көрсетуге тырысып бағамын. Бәлкім, шынайы ақпарат болған соң тыңдап отырған адамға әсерлі жетуі мүмкін. Әрине, одағай, қыстарма сөздерді қолданбай, әдемі жеткізуге тырысамын. Көркем әдебиеттер, газет-журналдар оқудың да үлкен пайдасы бар.

«Қол бастау қиын емес, шабатын жерде жау бар, Жол бастау қиын емес, қонатын жерде көл бар, бөрінен де қиыны - шаршы топта сөз бастау». Кісі алдында сөз сөйлеу үшін кісілігің болуы керек деп ойлаймын, ал кісілігің болу үшін көп еңбек етіп, іздену керек.

- Өзіңіз білесіз, қазақ халқы ақын-жазушылардан кенде емес, кімдерді сүйіп оқисыз? Қазір қандай кітап оқып жүрсіз?

- Өзіміздің от жалынды, орақ ауызды, өмір жолы да, өнер жолы да ғибратты, заманның қилы кезеңдерінде халықпен бірге тыныстап, соның қуанышымен қуанған, қайғысымен қайғырған бес арысымыздың, үш бәйтерегіміздің шыншыл, мәнді шығармаларын көп оқимын.

- «Бальзакты оқымай француз тұрмысын, Толстойды оқымай орыс өмірін, Тогоарды оқымай үнді тіршілігін білем деу ағат» деп Зейнолла Қабдолов айтқандай, қазіргі уақытта әлем әдебиетіне деген қызығушылығым артып, шетел бизнес философтарының адамның психологиясына, адам дамуына байланысты, тұлғалық жетілу бағытындағы кітаптарынан сусындап жүрмін десем артық айтқандық емес.

- Студент-жастарға айтарыңыз...

- Өмір әрбір адамға ғаламат зор баға жетпес сый – күш-жігерге толы жастықты, арман-үмітке, тілек пен білімге, күреске, ұмытылмасқа толы, үміт пен сенімге толы жастық дәурен берді. Ал, студент-жастарға айтарым, сендер жассыңдар, көп нәрсені естіп-білуге, көп нәрсені көкейге түюге тиістісіңдер дегім келеді.


Адам бойындағы бұлжымас баянды нәрсе – өзінің жандүниесіне жас кезінде сіңірген нәрсесі. Ыдысқа о баста сіңген иіс қирап қалса да кетпейді. Өсіп келе жатқан жас ағаш та әуел баста бұтақтарын жан-жаққа қалай жайып, таратқан болса, жүздеген жылдар бойы, қашан оны шауып құлатқанша, солай тұра береді... Адам бойында да алғашқы әсерлер тап солай берік орнап қалады, ал егер өзгеріп жатса, бұл бір керемет болар еді, сондықтан даналықтың шынайы талаптарына сәйкес ақылға қонымды нәрсенің бәрін олардың балғын жас шағында бойына дамыта білу керек деп ойлаймын.

Қымбатты студенттер, әр уақытта Махамбет бабамның атымен аталатын оқу ордамыздың байрағын көктен желбірете беріңдер!

- Мейрам Исатайұлы, әңгімеңізге үлкен рахмет! Жасампаз істеріңізге тек жетістіктер тілейміз!

Осы тұста «Көңіл аудар даналардың сөзіне, адал жанды өнеге тұт өзіңе» - деген Жүсіп Баласағұнның даналық сөзі еріксіз ойға оралады». Бұл тіркес Мейрам Исатайұлына арнап айтылғандай...

Сұхбатты жүргізген: Гүлфани Ерсайынова



Біздің айналамызды қоршап тұрған сан алуан түстер - біздің өлеміміздің айқындаушы. Айналамыз түрлі-түсті болмаса, өміріміз де қызықсыз болар еді. Бір түстер адам жанын тыныштандырса, басқалары алай-дүлей сезімге бөлейді. Біз түстерді өз өлемімізді сипаттауда пайдаланамыз: назар аударту үшін, жеке көзқарасымызды жеткізуде, топпен біріккенде. Бәрімізде «қызғылт көзілдіріктен қарау», «ол бәрін қара түсте көреді» тіркестерін естіп жүрміз. Бұл өмірге жеңіл көзқараспен қарайтын адамдар үнемі қызғылт көзілдірікпен жүреді деген сөз емес, бұл арқылы түс пен адам көңіл-күйінің байланысы барын байқаймыз.

Күнделікті өмірде біз аса мән бере бермейтін «түстердің» адам психологиясына айтарлықтай ықпалы бар екендігін бүгінде дүниежүзілік ғалымдар дәлелдеп шықты. Түстер арқылы көңіліңізді көтеруге де, денсаулығыңызды да түзетуіңізге болады. Сіздің таңдаған түсіңіз айналаңыздағыларға сіз туралы көп мәліметті беріп тұрады. Мәселен, жасыңызды, мәдениет деңгейіңізді, біліміңізді, ерекшеліктеріңізді, мінезіңізді сіз жиі қолданатын түске қарап-ақ байқауға болады. Сондықтан да, төменде ұсынылған түстер психологиясын оқи отырып, жақындарыңыз туралы мәлімет алуға немесе айналаңыздағы адамдардың сізге деген оң пікірін тудыра отырып, өз стиліңізді, бедел-бейнеңізді қалыптастыруға мүмкіндігіңіз бар. Негізгі түстерге тоқталсақ:

Қызыл – түстердің ішіндегі ең жылы түс. Бұл түсті сөзшен адамдар таңдайды. **Қызыл түс** - от және қанның түсі. Екінші жағынан қызыл түс-күш пен қызбалықтың белгісі. Бұл түс құштарлықты, күресті, белсенді өмір салтын білдіреді. Вагнер музыканы тек қызыл түс бар жерде жазған, сондықтан оның әуендері әсерлі естіледі. **Қызыл түс** адамның энергияға толы екенін көрсетеді. Өмірлік күшті, белсенділікті, нәтиже, сәттілікке қол жеткізу үшін барлық мүмкін болған талпынысты, бейімділікті, албырттықты, жеңіске деген жігерді, құлшынысты білдіреді.

Сары түс – жеңілдік пен қуанышты, сабырсыздықты, нұр сәулені білдіреді. Қуаныштың, құн шапағатының нышаны. Сары түс адамды болашаққа бағыттайды, жаңалыққа талпындырады, заманауилыққа, дамушылыққа құштар етеді. Бұл түсті таңдаған кез келген адам қиындықты тезірек жеңуге құлшынып, тезірек босап шығудың амалын іздеп тұрады. Өзгерісті жиі қалап тұрады, сары түске құмар адамға **тұрақсыздық** тән.

Көк түс – жан тыныштығын, молшылықты, татулықты білдіреді. Ол адамдар мен қоғамды байланыстыратын негізгі дәнекер іспетті, бірлік, көпшілдік сезімін, сенімнің түсі. Сондай-ақ, көк түсті ұнататындар өкпелегіш, сары уайымға салынғыш болып келеді. Әсіресе, көк түсті **молшылықтың** нышаны болғандықтан семіз келген адамдар ұнатады. Көк түсті таңдағандар – тыныш ортаны, мазасыздық пен сотқарлықтан, келіспеушіліктен алыс болуды қалайтындар.

Күлгін түс. Ауыртпалық сезімін, ішкі күйзелісті білдіреді. Ақындар да өз жан күйзелісін өлеңдерінде күлгін реңк арқылы беруге ұмтылуы кездейсоқтық емес. Күлгін сәуленің басқаларға қарағанда электрохимиялық сәулесі көп. **Күлгін түс** - адамның тілегені мен қиялындағысы **ақиқатқа** айналады деген үміттің нышаны. Асыл арман мен көркем қиялдың түсі. Бұл түсті таңдағандар тек өзгелерді таң қалдырғысы немесе сүйсіндіргісі келмейді, өзін де таң қалдырғандығын қалайды.

Қара – шындығын айтқанда, бұл түс емес. Қара – бұл түстің жоқтығы. Әдетте, адамдар қарама-қарсылықты айтқанда олар ақ пен қара туралы айтады. Егер ақ түс бәрін анық қылса, қара түс керісінше жасырады. Қара - бұл мағына беретін түс, сонымен қатар көздің дем алуына мүмкіндік береді. Қара – түрлі жағымсыз көңіл-күй, мазасыздық, ашушандық тудырады. **Қара түс** – абсолютті шекара, өмірдің тоқтайтындығының белгісі. Ол ғайып болу, өлім ойын көрсетеді.

Ақ түс - жалпы ақ түс емес, ол - көптеген түстердің жиынтығы. Сондықтан ақ – бұл қуат синтезі. Міне, неліктен көптеген елдерде ақ түс пәктіктің, ашықтықтың және шындықтың белгісі. Ақ түс әділдікті білдіреді. Ақ түс жолыңызды ашып, кедергілерді жояды.

Сұр түс. Қою сұр түс мұңға батырады, бұл түске боялған заттар түссіз көрінеді. Латенто-магикада «жоғалу, көзге көрінбеу» мақсатында қолданылады. Сұр түс – еркіндіктің нышаны. Бұл түсті таңдағандар – белгілі бір жүктелетін міндеттен ада болғысы келеді. Ештеңеге араласқысы келмейді, көпшілік ортаны ұнатпайды. Ортада оның бары, жоғы байқала бермейді. Адамдар оларды тез жалықтырғыш, іш пыстыратын жаратылыс ретінде қабылдайды.


Сондықтан да, таңертеңмен жұмысқа кетіп бара жатырып өз киіміңізге назар аударыңыз, барынша ашық-жарқын ерекше киінуге тырысыңыз, костюміңізге ерекше деталь қосуды да ұмытпағайсыз. Сонда ғана біз көшелерден, қоршаған ортамыздан өңкей сұрғылт бейнелерді емес, өзімізге көктемдей көңіл-күй сыйлар адамдарды көрерміз.

Ақсұңқар ЖҰМАБАЕВА, Анар ҚАПАШЕВА, қазақ тілі мен әдебиеті мамандығының 2-курс студенттері



Құттықтаймыз!!!

БҚО ішкі саясат басқармасы мен «Жас толқын» жастар қоғамдық бірлестігінің ұйымдастыруымен 5 республикалық дельфийлік ойындардың БҚО бойынша іріктеу кезеңі өткен болатын. Сол байқауда тележурналистика аталымы бойынша үздік деп танылып, республикалық кезеңге жолдама алған және I дәрежелі дипломмен марапатталған физика-математика факультеті информатика мамандығының 1 курс студенті Негмет Мейрамгүлді жеңісімен құттықтай отырып, шығармашылығына шалқар шабыт, жемісті нәтиже тілейміз.



Махамбет өзінің болмыс - бітімін ең алдымен ел мүддесіне қызмет етуге бағыттаған ер-сарбаз ретінде тиянақтады; сөз құдіретін, өзінің поэтикалық дарынын біле әрі игере отырып, төңкерісшілердің қаруына, идеологиялық үніне бейімдеді.

Махамбет воспринимал и утверждал себя, прежде всего, как воин-герой, выдвинувший себя на службу народным интересам; зная же и владея силой слова, свой поэтический дар он, похоже относил к оружейному арсеналу повстанцев, их идеологическому рупору.

Makhambet interpreted and stated himself, first of all, as a warrior-hero, and put himself forward to serve people's interests: knowing and possessing a power of word he seemed to have used his poetic gift as a weapon of rebels, as an ideological mouthpiece.

Иманғали Тасмағамбетов,
Астана қаласының әкімі, университет түлегі

■ Рухқа тағзым

«Қаройдың қамшым қалды-ау қабағыңды:
Деп өткен бабамыз көп заманында.
Данышпан қариядай жатқан сынды
Қалың бір ойға батып дала мұнда.
Қара бұлт ұлыларға төнді кілең,
Бас тартпай Махамбет те өрлігінен,
Пейілдің тарлығынан кеткен шығар,
Даланың опа таппай кеңдігінен.
Оранып көрген емес жасыл бауға,
Қаройдың қабағы әлі ашылмауда...
Қайран ер қылыш пенен қамшы түгіл,
Қалдырып кете барған басын жауға.
Қаройдың қайғы ойнайды қабағында,
Жусанның жас тұнғандай жанарында.
Қазағым не болар ? - деп жатқандай-ау
Қалың бір ойға батып дала мұнда.



Ғайсағали Сейтақ,
Ақын, Қазақстан Жазушылар одағының мүшесі,
университет түлегі

Қазақ халқы шешендік сөздерінің табиғаты ерекше. Оған тек таңдай қағып тамсану аз, тұңғиығына терең сүңгіп, түсіну керек. Ұлттық шешендік сөздердің таңғажайыптығы көлемінің шағын, сөйлемінің ықшам болуында; тыңдаушысын жалықтырмай, зеріктірмей ұйытып, үйіріп әкететін әсерлі келуінде; шешендік сөздердің қысқа болғанмен, мақал-мәтел емес, бір оқиғаға байланысты туып, белгілі адамдардың атынан айтылған сөз екендігінде. Шешендік сөздердің құндылығы тек шындығында емес, ойының тапқырлығында, қиядан жол, қиыннан сөз табуында; шешендік сөздердің тартымдылығы тапқырлығымен бірге батылдығында, ойының қисынды, сөздерінің мәнділігінде. Демек, шешендік күші шындықта, шындықты тартымды ой, шебер тілмен тыңдаушыларға жеткізе, ұғындыра білуде. Нәтижеде тек сондай көркем тіл, жүйелі оймен батыл айтылған және мақал, нақыл сияқты белгілі халық даналығымен шегеленген шешендік тапқырлық, көркем сөздер ғана тыңдаушының ақылын баурап, сезімін тебіренге алмақ.

Ал, ата-бабамыздың шешендік мұрасының ұрпақ атаулыға жұғысты болар өнегелік-тағымдылық қыры сөздің құдіретті күшке ие екендігін аңартуында; сөздің өзіндік бояуы, дәмі, адам сезіміне әсер етерлік қоңыр иісі бар екендігін, ал оның күші дауыс ырғағы арқылы берілетіндігін танытуында; дауыс үнділігінің тұлға атаулының әр қилы, әр қырлығын танытатын басты құрал екендігін, шешендіктің ой еркіндігі, сөз еркіндігі, ауызекі тілдегі сөздерді әдемі тізбектеп оралымды орналастыру, тиімділігін күшейтіп, қисынды ойға сыйғызу екендігін аңартуында; сөзбен тоқтату, сөзден жаңылыстыру, қарсыласын сөз тыңдарлық жағдайға түсірудің орасан күшті өнер екендігіне көз жеткізуінде; тұспалдап сөйлеуге, меңзеуге, бернелеуге, символдауға, басқаша айта отырып, нені нысаналап отырғанын қысыра айтуға, жұмбақтап айтуға, яғни терең зейінділік пен ойлылыққа төселтуінде; шешендік айтыстың арқауы астарлы сөзде десек, астарлап сөйлеу халқымыздың сөйлеу мәнері екендігін, бұл тек сөйлеу шеберлігімізді ғана емес, сөйлеу мәдениетімізді де танытатын, ойлау қабілетімізді аса тереңдететін құбылыс екендігін аңартуында; тапқырлыққа, шапшаңдыққа, тез жауап берушілікке баулуында; өзгені тыңдауға, өзгенің өнегелі ісінен тағылым алуға жөн сілтеуінде.

Демек, халық шешендік сөздері – ұлттық құндылық көзі. Шешендік сөздер халық өміріндегі, ел ішіндегі алуан түрлі оқиғалардың нәтижесінде туған келелі ойдың тұнбасы. Ал, осыншама қазынадан нәр ала өрілген Махамбет баба толғаулары, өлең-жырлары шешендік шиырларға, тапқыр ойларға толы. Тізе ұсынсақ, кейбірі төмендегіше: «*Аз сөйлер де көп тыңдар, Қас асылдың баласы*»; «*Жаманнан туған жақсы бар, Атасын айтса нанғысыз. Жақсыдан туған жаман бар, Жарамды бір теріге алғысыз*»; «*Ежелгі дұшпан ел болмас, Етекпен кесіп жең болмас*»; «*Түлейді түнде жортқан жолбарыстай*»; «*Арпа жемес арғымақ, Ақ селеу отқа зар болар*»; «*Арғымақтың баласы арығанын білдірмес*», «*Хас жақсының баласы арада тұрып сөйлемес*»; «*Жақсыменен дос болсаң, Басыңа қиын іс түссе, Алдыңнан шығар өбектеп, жаныңа не керек деп*»; «*Жаманменен дос болсаң, Басыңа қиын іс түссе, Басқа көтер белек деп, Қолдан берер есептеп, Сыртыңнан жүрер өсектеп*»; «*Арғымақтың баласы, Аз оттар да, көп жусар*»; «*Азамат ердің баласы, Аз ұйықтар да, көп жортар*»; «*Ат*

“Махамбет” халықаралық ғылыми-зерттеу орталығының жаршысы



МАХАМБЕТ

(Голос Махамбета - Makhambet's voice)

*Аз сөйлер де көп тыңдар,
Қас асылдың баласы.*

Дауысы

№ 2, маусым, 2013 жыл

■ Іске сәт!

«Голосу Махамбета» – в добрый путь!

Махамбет Утемисов жил в сложное время XIX века, когда казахское население Приуралья и всего Западного региона невыносимо страдало от колониальной политики царской России и господства Ханской власти в Малой Орде. Восстал народ. Вместе с ним против тирании и произвола восстал и Махамбет Утемисов - вдохновитель восстания во главе с Исатаем Таймановым, поэт-воин, чье слово было острым как меч, пламенным как огонь, ярким как солнце.

Судьба Махамбета Утемисова неотделима от истории всего Отечества. Он в свое время жил, творил и боролся как незаурядная, пассионарная личность: жил жизнью героя, овеванный легендой, творил свои бессмертные стихи во имя будущего, боролся за светлые идеалы своего народа. Поэтому молодежи Казахстана должна всегда помнить, чтить память о нем и брать пример с него.

Я надеюсь, что газета «Голос Махамбета», издающаяся при Западно-Казахстанском государственном университете поможет ей в этом. Новые факты, интересные, редкие материалы, связанные с восстанием 1837-1838 года, героической жизнью и литературным наследием великого поэта-патриота, которые будут опубликованы отныне на страницах этой газеты, я думаю, что не оставят равнодушными своих читателей.

В добрый путь, «Голос Махамбета»!



Болат БАЙМУХАНОВ,
лауреат общенационального журнала «Астана»,
кандидат филологических наук, отличник образования РК

■ Зерттеу

Махамбет шешендігі

– *жігіттің майданы*; «*Қылыш – жанның дәрмені*»; «*Өлім – хақтың пәрмені*»; «*Біткен істің міні жоқ, бітірген ердің кемі жоқ, Тура ажалдың емі жоқ*», т.б.

Махамбет жырлары қызыл сөзден ада, оған ақылгөйсү мүлдем жат. Ғылыми байламдарға бойлай айтсақ, Махамбет поэзиясы - ерлік симфониясы, онда арғымақтардың дүбірі, сынған қабырға мен опырылған найзаның сытыры, күңіренген күрсініс пен пәршеленген дененің соңғы ырсылы, жауынгерлік шақыру тағысын тағылар естіледі. Ақынның күллі жырлары біртұтас ритмикамен, бір желімен, бір екпінмен өрнектелген. Олар бейне бір полотноға ғана емес, партитұраға да сұранып тұрғандай.

Қазақ елі - өз бостандығынан сөз бостандығын кем көрмейтін және сөзді қадірлей білетін халық. «*Бас кеспек болса да, тіл кеспек жоқ*», «*Жақсының ісін бетіне айт, нұры тасысын, жаманның мінін батыра айт, құты қашсын*» тұрғысындағы мақалдарды ұлт данышпандары тудырған.

Өз тұсында атақты қазақ феномені Шоқан Уәлиханов дұшпаннан тайсалмай сөйлейтін шешендікті қамал бұзған ерлікпен қатар санаған. Зерттеуші айтқан ерлік, шешендік қасиеттердің барлығы да бір Махамбет басынан табылғандай. Оның ұлт-азаттық көтерілісі басшыларының бірі болуы мен батырлығын былай қойғанда, хан-сұлтандарға қайтарған жауаптары, жазған хаттары мен өлең-толғаулары – ерлік пен шешендік өнердің айқын да озық үлгісі. Өлемге әйгілі Әуезовше қайырсақ, Махамбет - «*соғыста - батыр, сөзде - от ауызды, орақ тілді дегендей жалындаған алғыр, шешен*». Сөз зергері Зейнолла Қабдолов: «*Исатай - ақылды көсем би, Махамбет - от ауызды, орақ тісті шешен*», - дей келе: «*Батыр ақын бұрқанған күшке, бұла қайратқа, шиыршық атқан жігерге, ызалы ашуға, ашулы ақылға, ақылды нақылға толы өлең-жырын тұтастай алғанда өзінің автопортретіне айналдырды. Өйткені оның «қорғасыннан құйылған» ап-ауыр әр сөзінен өзін танимыз. Көнеретін архаизм да емес, жаңаратын неологизм де емес, нақ екі арадағы екеуіне бірдей етене, еркін, еспе мағыналы ерке де серке сөздерді қайдан ғана іздеп тауып, қалай ғана ағыл-тегіл, ақпа-төкпе өлеңге өріп жібергеніне таң қаласыз. Контекстегі әр сөз әрін де, нәрін де келтіретін орнын дәл тауып, ойнап тұр*», - деп толғайды. Иә, ғұлама ғалым-жазушылар айтса айтқандай, Махамбет құдай берген талант-құдіретінің арқасында аз ғұмырында өзі басынан кешкен өмір өткелдерін өнер-қасиетке көшірген де, мәңгілік өлеңге айналдырып, ұрпақтан-ұрпаққа - тірілердің бөріне - бөрімізге түгел жаттатып кеткен.

Махамбет батыр ерлік ісімен, үлгілі сөзімен халық шешендігіне қаһармандық рух дарытқан. Ол – халық алдында хан-сұлтанды әшкерелеп, масқаралап, тайсалмай сөйлейтін жауынгерлік шешендік сөзге үлес қосушы. Ал, Махамбеттің шешендігін танытатын аңыз-өңгімелер, шешендік сөздер көп. Мәселен, Махамбеттің Баймағамбет сұлтанға қайтарған жауабы төмендегідей:

– Әй, Махамбет! Исатайдың жауға алынарын, өзіңнің қаңғып қаларыңды білмедің бе? Ханыңмен қалайша араз болдың? Қане, баяндашы! – дейді Баймағамбет.

-*Ей, Баймағамбет! Ханы қарам болса, өлге бүлік, тәңір қаһарланса жерге бүлік. Исатайдың жауға алынғаны, менің жалғыз қалғаным – атаңа нәлет өздеріңдей жауыз хандардың, қарны жуан билердің елімізге салған бүлігі емес пе?! – деп жауап береді Махамбет.*

-Ей, Махамбет! Нарынға сыймадың, Маңғыстауға сыймадың, саған жер беті тар келді, енді аспанға ұшамысың?

-*Ей, Баймағамбет! Аспанды жаңбыр бермейді, жерді Жәңгір бермейді, Еділді қалмақ бермейді, Жайықты қазақ-орыс бермейді, Нарыннан хан-төре қоныс бермейді. Оны өздеріңдей жауыз хандардың көзі көрмейді. «Кел, Жәңгірді шауып өлтірейік» деп едім, Исатай ерік бермейді, енді қайтейін?! -Ей, Махамбет! Тағы не айтасың? Сені жырау дейді ғой!*

-*Иә, Баймағамбет! Бірақ менің тілім екі айыр алмас қой. Біреуі тіліп кетсе, ханмын деп қаһар қыларсың. Мен қаңғырмын деп қарап тұрмаспын, сенің басыңды алармын. Мен өлсем ештеңе етпес, өздеріңдей хан өлсе, дауы бітпес. Мен – аспандағы жұлдызбын, Баймағамбет маған қолың жетпес. Атаңа нәлет хандар мен жауыз құрбылардың айтқан сөзі естен кетпес*, - дей келіп, атақты «Мұнар да мұнар, мұнар күн, Бұлттан шыққан шұбар күн...» деп басталатын жырын толғап кетеді. Осы секілді Махамбет жыраудың әрбір сөзі шешендікпен басталып, ақындықпен аяқталады.

Демек, Махамбет - 1836-46 жж. ұлт-азаттық қозғалысы басшыларының бірі ғана емес, оның жалынды жаршысы, жауынгер шешені. Қазақ халқының сонау тұстағы сөз атасы атанған Майқы биден, ой меңзегіш Мөңке, ердің құнын екі ауыз сөзбен бітірген Едіге, «Өз» атанған Төле, Қазыбек, Өйтекелерден, атақты Сырымнан бергі шешендік дәстүрді жадында тоқып үйренген халық батыры, ойшыл Махамбет шешендік өнерді ел қанаушы-тонаушыларға қарсы халық көтерілісінің идеялық қаруына айналдырған, отты тұйғын жырларына ұластыра келе, классикалық поэзия дәрежесіне көтерген.

Қысқасы, бүгінгі ел үшін еңбек етер патриот кәсіби маман болуда халық даналығының қайнар бұлағы ұлттық шешендік сөздерінен нәр алудың, Махамбет сынды қайталанбас құдіретті тұлғалы шешенінің, ақынының тұңғыш мағынаға толы өлең-толғауларын үлгі тұтудың бағасы теңдессіз.

Абат ҚЫДЫРШАЕВ,
«Махамбет» халықаралық ғылыми-зерттеу
орталығының директоры

“Махамбет дауысы”- “Голос Махамбета”- “Makhambet's voice” жаршысының жауапты редакторы- Абат Сатыбайұлы Қыдыршаев (орталық директоры), тілшілері - Анель Тасқалиева, Гүлфәни Ерсайынова (II курс студенттері)

МАҢҒЫСТАУ - ертегі географиясы

Менің бұл тақырыпты таңдап алудағы басты мақсатым - киелі де қасиетті, ғажайып өлке Маңғыстау атауының шығу тарихына, қайталанбас мәдени мұраларына, өсем жерлеріне тоқтала отырып, оларды аңыз-әңгімелермен өрнектеп, студенттік ізденіспен зерттеу. Осыған байланысты географиялық ғылыми-зерттеу жұмыстарын жүргізу.

Отан тиісінше өз үйіңнен, өз ауылыңнан, өз туған жеріңнен басталады. Өз өлкеңді білу арқылы сен өліңді, бүкіл әлем елдерін білуге бастау аласың. Ал өз туған жеріңді сүю арқылы басқа халықтардың туған жерін сыйлап, олардың өз туған жеріне деген сүйіспеншілігінің сырын түсіне аласың. Сол себепті де өзімнің туған өлкем - Маңғыстау жерінің таңғажайып тамашаларына тереңінен үңіле түстім.



Туған жер табиғаты - ұлттың өмір сүруінің басты шарттарының бірі. Сондықтан да оның материалдық байлығын да, реті келсе рухани байлығын да пайдалана білген дұрыс. Ал осындай рухани байлықтың бірі - ертегі-аңыздар, олардың таралу географиясы.

Ертегі, аңыз, миф және география. Осы ұғымдар арасында қандай байланыс болуы мүмкін? Осындай сауал аталған сөз тіркестерін оқығанда әрбір адамның ойына келері сөзсіз, шындығында да ертегі мен жердің сипаты туралы ғылымның арасындағы байланысты адам баласы өзінің өмірінде, әдеби мұрасында байланыстырып отырған. Сүйікті ертегіні не аңызды оқығанда көкірегі ашық жас оқырман сол ертегі кейіпкерлерімен бірге жүргендей күй кешеді.

Қазақта-«Жерұйық»,«Жиделі-Байсын», «Қап тауы», «Қаратаудың ойы», «Қарасудың бойы» сияқты ертегі-аңыздық географиялық атаулар бар. Олар қайда? Асан қайғы іздеген «Жерұйық» қайда екен? Кім де болса, сол Жерұйықтың өз туған жері болғанын қалайды. Бұл - таңғажайып та ертегілі атамекенге саяхаттың басталуы.

Қасиетті Маңғыстауға арналып қаншама теңеулер, мадақтар айтылмады десенші! Қазақтың өлкетанушы, географ, публицист, этнограф ғалымы Серікбол Қондыбай өлкемізді былайша суреттеген: «Маңғыстау! Оның әр пұшағы, әр тасы - ертегі, әр төбесі мен сайы - аңыз. Оны мекен еткен адамдар да аңыз. Оның жері қандай, жер бетіндегі атаулары қандай?! Бұл - тұла бойы тұнған сыр елі ғой». Шынында, Маңғыстау бойына тылсым сыр бүккен жұмбаққа толы сыр сандық төрізді. Осы сыр сандыққа терең үңілген сайын қойнауындағы құпиясы адамзатты таңғалдырып, тамашасы таусылмастай көрінетін ғажайып өлке. Маңғыстау қашан да өзінің қайталанбас табиғатымен, өзіндік өзгешелігімен кімді де болмасын жұмбақ әлемге тарта түседі. Бейне бір қиял дүниесінен туған ертегі дерсің!

Маңғыстаудың географиялық нақтылыққа ие болған аңыз-ертегілерін былай топтастыруға болады.

1.Жер-су атауларының мәнін түсіндіретін аңыз-ертегілер: Қаламқас, Маната, Манашы, Күйген, Аппақұшқан, т.б.

2.Географиялық объектілердің тау, төбе, т.б. сипатын түсіндіретін аңыздар: Кендірлідегі Темір баба аңызы, Ерсарының қайрағы және Ерсарыға қатысты әңгімелер, Мерет сұлу аңызы, т.б.

3.Нақты мифтік топонимдер: айдаһар мен жыландар ауланды, өлтірілді делінетін Батыс Қаратаудың төңірегіндегі сай, үңгірлер.

4. Зираттар мен құдықтарға байланысты аңыздар, бұл ертегі-аңыздардың ең көп бөлігін құрайды.

5. Маңғыстауда өмір сүрген, дені Х-ХІ ғасырлардағы суфистік дін уағыздаушылары болған мұсылман әулиелері туралы және кейінгі қазақтың киелі кісілері туралы аңыздар. Бұлардың саны да жеткілікті және географиялық орны да белгілі. Бекет ата мен Оғланды, Омар ата, Есен мен Қараман ата, Шопан ата, Шақпақ ата, Ұшқан ата, Масат ата, Темір баба, Дөніспан, Бабатүкті Шашты Өзіз, т.б.

Жоғарыда айтып өткендей туған жер табиғаты – ұлттың өмір сүруінің басты шарты. Маңғыстаудың шөлді, сусыз, өсімдіксіз, ыстық өңірінде өмір сүруді бізге бұйыртқан. Әркімнің өз туған жерінен артық жер жоқ. Сондықтан Маңғыстаудың «барын» пайдалану, сақтау - басты міндет. Ал ертегілік көзқарас — осы міндетті жүзеге асырудағы қажетті қасиеттердің негізгілерінің бірі болып қалмақ.

Н.А.ТӨЛЕУОВА,

М.Өтемісов атындағы Батыс Қазақстан мемлекеттік университетінің педагогикалық география мамандығының

2 курс студенті

Ғылыми жоба жетекшісі: Б.Х. ХОДЖАНОВА

Тілсіз өмірді елестету қиын

*Туған тілім - тірлігімнің айғағы,
Тілім барда айтылар сыр ойдағы.
Өссе тілім, мен де бірге өсемін,
Өшсе тілім, мен де бірге өшемін.*

Қазақы ортада орыс тілін көп біліп, көп сөйлесе орыстанып кетеді деген жаңсақ ұғым бар. Орыстанып кету, адамның өзіне байланысты. Адамдар бірыңғай орыс тілінде жұмыс істеу салдарынан орысша ойлауға дағдыланып кетуі мүмкін. Ал өз тілін ұмытып қалу мүмкін емес. Соның ішінде Қазақстанда тұрып қазақша ұмытып қалу деген әншейін сөз. Адам қанша тілді игерсе де, бойына ана сүтімен енген өз тілін ұмытуы мүмкін емес. Кешегі Ұлы Отан соғысы кезіндегі немістердің тұтқынында ұзақ жыл болған орыстар орыс тілін ұмытқан емес. Демек, тілді ұмыту әңгіме ұлттыққа намысқа келіп тірелетін нәрсе. Сондықтан баламыз көп тіл білсе, өз тілін ұмытады екен деп ойлау жаңсақ түсінік. Әр адамның жүрегі тіл дегенде тебіренетіні анық. Кез келген ата-ана мен баланың, қала берді қоғамның тілге қатысты көкейінде мазалайтын сұрақтар жетерлік.

Тіліміздің болашағы қандай? Ол болашақта дағдарысқа ұшырайды ма? Өміріміздегі асыл нәрсе тілді түзеу үшін нендей жағдайлар жасау керек? «Өзге тілдің бәрін біл, өз тілінді құрметте», - деп ұлы ақын Қадыр Мырза Әлі жырлағандай, өзге тілді білу қажет, ал өз тілімізді одан да артық білген жөн. Баланы балабақша табалдырығынан бастап, ана тілін құрметтеуге шақырып насихаттау керек. Әрине, қазір балаларға арналған көптеген әдеби көркем әдебиеттер мен ертегілер шығып, театрда қазақша қойылымдар көрсетіле бастады. Бұл жағдай - тілді дамыту үшін істеліп жатқан игі істер. Бірақ олардың тілдік сатысын арттыру жөнінде ішінара кемшіліктер де жоқ емес. Кей кезде көше бойында кетіп бара жатқан екі қазақтінің туған тілімізде емес, өзге тілде сөйлеуі қынжылтады. Оны көріп тұрған біздер ескерту жасаудың орнына, үндемей қаламыз. Ең алдымен балаларымызға ана тілімізді дәріптесе, онда осындай дәрменсіз жағдайға келмес едік. Біз тіліміз арқылы дінімізді, мәдениетімізді дәріптейміз.

Дүниеге келген әрбір адам баласы өсе келе белгілі бір нәрсеге қызығушылығы ауады. Ол кейде өтпелі болуы да мүмкін. Орта білімді төмемдар кезде әрбір түлектің алдында екі жол тұрады. Бірі – әрі қарай оқып, жоғары білім алу болса, екіншісі – жұмыс істеп, өмірге ерте араласу. Бұрынғы колхоз бен совхоздың заманындағыдай қазіргі жастар бірден жұмыс істей кетпейді. Ол замандағыдай ата-аналар да: «Оқу оқып, менің басыма құран шықпа» деп те айтпайды. Неге? Себебі, қазір білімнің заманы. Оқыған жандар озып, оқымағандардың артта қалып қоятындығын өмірдің өзі әлдеқашан дәлелдеп тастаған. Қазір оқымағандарға «екі қолға бір күрек» те табыла қоймайды. Бұл - заман талабы. Бұрынғы адамдарға қарап отырсаңыз көпшілігі жарытып та оқымаған. Небары 4 сынып, әрі кетсе 6 сынып бітіргендер. Сөйте тұра ешкімнен кем болмай, балаларын да ел қатарлы оқытып отыр. Ол кезгі тәрбие мүлде бөлек еді... Ол кезде білім алуға онша көп көңіл аударылмаған десе де болады. Қазіргі жағдай мүлдем басқа. Жоғары білім алмаса да мемлекет әрбір адамға орта білім алуды міндеттеп қойған. Орта білімнен кейін жоғары білім аласыз ба, жоқ па, ол - енді өз ықтиярыңыздағы нәрсе. Колледжге бару үшін де негізгі білімді тауысу керек, яғни, тоғызыншыны бітіруіңіз керек. Олай болмаған жағдайда оқуға құжат тапсыра алмайсыз.

Сонымен басты тақырыбымызға оралайық. Көптеген адамдар мамандық таңдауда неден қателеседі? Неге артынан өкініп

Мамандық таңдауда қателескен жоқсыз ба?

жатады? Осы жайттарға тоқтала кетсек. Нарық заманына сай көптеген мамандықтардың түрлері пайда болды. Бұрынғы «мынау» дейтін мамандықтарға сұраныс деңгейі төмендеді. Осы тұста ата-аналар: «осы мамандықты оқисың, сөз бітті» деп балаларын өздері қаламайтын мамандыққа оқытты. Содан кейін өз мамандығын сүймейтін мамандар пайда болды. Бұл қоғамымызға өз зиянын да алып келді. Жаман мамандық жоқ, тек өз мамандығын ұнатпайтындар ғана бар. Бұл екі жаққа да пайда келтірмейді. Өз мамандығын ұнатпайтын жандар өз істерін дұрыс атқара алады деп ойлайсыз ба? Жоқ. Жұрттың бәрінің санаулы мамандық түрлеріне баруы қазіргі таңда кадрлар санын шектен тыс көбейтіп, сұранысқа ие қылмай тастады. Солардың бірі – экономист мамандығы. Кім көп, экономист көп бұл күнде. Юрист те сұранысқа ие емес бұрынғыдай. Тас атсаң юристке тиеді қазір. Осы мамандық бойынша жұмыс таба алмай жүргендер жетіп артылады. Мұнай-газ ісі мамандарына да жұмысқа орналасу қиын боп тұр. Басқа жұмыс істеуге тура келеді оларға. Міне, осындай жайттардың салдарынан қоғамда жұмыссыздық пайда болды. Қос дипломмен жұмыссыз жүргендерді кезіктірсеңіз таң қалмай-ақ қойыңыз. Бұл - ащы да болса шындық. Оны жасырудың қажеті жоқ. Базарға бара қалсаңыз: «чай, кофе, беляшы, пирожи» деп айқайлап жүрген апайларды көресіз. Тепсе темір үзетін жігіттер базар маңында арба сүйреп, жүк тасып жүр. Солардың көпшілігінің дипломы бар. Ал өз мамандықтары бойынша жұмыс жоқ. Амалсыз басқа жұмыс істеп жүр. Жұмысқа кіру үшін жоғары жақта көкеңіздің болуы шарт. Олай болмаған жағдайда қалаған жұмысыңызға тұра алмайсыз. Бір кездері аудармашыға зәру едік. Қазір бұл мамандық иелеріне де жұмыс табу қиындап барады. Екінің бірі аудармашы қазір. Оқыған, білімді жандарға аудармашының да қажеті жоқ. Ағылшын тілін көбі біледі десем

Әкеге сатыныш...

Отбасында әкемнің орны бөлек. Әке - ол шаңырақтың бар ауыртпалығын көтеретін, асырап бағуға да, жақсы тәлім-тәрбие беруге де міндетті адам. Әкеміз - біз үшін асқар тау. «Әкеге бағыну - аллаға бағыну» деген Мұхаммед пайғамбарымыз. Әке - ұрпақтың панасы, үйін басшысы, тәрбиешісі. Әкенің ақылымен жүру, ешкімнің ала жібін аттамай, адал ғұмыр кешу баланы тек жақсы болашаққа әкеледі. Әкеміз бізді намысшылдыққа, еңбек етіп, өмір сүруге баулып отырды. Өмірге келген баланың әрбір сәтті қадамы - әке үшін зор қуаныш. Сондықтан да әкені реңжітпей, оның айтқанының үдесінен шығып отыру әрбір перзенттің басты парызы деп ойлаймын.

Әкеме деген сағынышымды, сірә, сөзбен жеткізе алмаспын. Өрқашанда қиналған сәтімде қол ұшын беріп, маған сеніммен қарайтын. Адам баласы өмірде барлық нәрсенің жақсы бола бергенін қалай береді екен. Бірақ та, өмір жолы олай емес екенін

